



**Коммерциялық емес
акционерлік қоғам**

**ҒҰМАРБЕК ДӘУКЕЕВ
АТЫНДАҒЫ АЛМАТЫ
ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ
БАЙЛАНЫС
УНИВЕРСИТЕТІ**

Инженериядағы
менеджмент және
кәсіпкерлік кафедрасы

**ЭНЕРГИЯМЕН ЖАБДЫҚТАУДЫҢ ОРТАЛЫҚТАНДЫРЫЛҒАН
ЖӘНЕ АВТОНОМДЫ ЖҮЙЕЛЕРІ**

«Инженерия және инженерлік іс» бағытында 6В07103 -
«Жылуэнергетика» білім беру бағдарламасы бойынша даярланатын
студенттер үшін есептік – сызба жұмыстарды орындауға арналған
әдістемелік нұсқаулықтар

ҚҰРАСТЫРУШЫ: Г.Р.Бергенжанова. Энергиямен жабдықтаудың орталықтандырылған және автономды жүйелері. «Инженерия және инженерлік іс» бағытында 6В07103 – «Жылуэнергетика» білім беру бағдарламасы бойынша бойынша даярланатын студенттер үшін есептік – сызба жұмыстарды орындауға арналған әдістемелік нұсқаулықтар. - Алматы: АЭЖБУ, 2022. - 44 б.

Бұл әдістемеді оқу жоспары бойынша көзделген үш дана есептеу-сызба жұмыстарына тапсырмалар берілген. Есептеу-сызба жұмыстарында жылу электр стансасын әртүрлі климаттық аймақтарда жобалау мәселесі шешіледі. Есептеу-сызба жұмысында қолданушылардың жылулық жүктемелері есептеліп, жыл бойлық жылулық жүктемелер сұлбасы бейнеленеді және жылу электр стансасының негізгі және қосалқы қондырғылары іріктеліп анықталады. Желінің гидравликалық есебі жасалады. Жылулық желінің пьезометрлік графигі тұрғызылады.

Методикалық әдістеме «Инженерия және инженерлік іс» бағытында 6В07103 – «Жылуэнергетика» білім беру бағдарламасы бойынша даярланатын студенттер үшін құрастырылған.

Безендіру.-6, кесте.- 15, библиогр.- 5 атау.

Пікір беруші: аға оқытушы, т.ғ.к.

Л.Ш. Утешкалиева

«Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2022 жылғы жоспары бойынша басылады.

© «Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті» КЕАҚ, 2022 ж.

Кіріспе

Өндірістік ауданды жылумен жабдықтау бойынша ЕСЖ 6В07103 - «Жылуэнергетика» білім беру бағдарламасы бойынша даярланатын студенттерге арналған. Жұмыста өндірістік ауданды жылумен жабдықтаудың негізгі мәселелері анықталады. Мысалы, тұрғын ауданды және өндірістік кәсіпорынды жылу, желдету және ыстық сумен қамтамасыз етуге жұмсалатын жылу ағыны есептеледі, жылулық жүктеменің температуралық графигі тұрғызылады. Желінің гидравликалық есебі жасалады. Жылулық желінің пьезометрлік графигі тұрғызылады. Есептік сызба жұмысы 6В07103 - «Жылуэнергетика» білім беру бағдарламасы бойынша алған білімді жетілдіру үшін, ЖЭО-ң негізгі жабдықтарын таңдағанда және жобалағанда есептеу жүргізуді игеру үшін, кәсіпорындарды жылумен жабдықтау жүйесін жобалау үшін, қандайда бір өндірістің технологиялық жылу шығындарын анықтай алу үшін студенттің теория жүзінде алған білімдерін нығайтуға арналған.

Бұл әдістемелік нұсқауда тақырып бойынша ЕСЖ орындау үшін бастапқы берілген шамалар келтірілген, жұмыстың мазмұны, құрамы, көлемі және оны рәсімдеу бойынша қойылатын талаптар жазылған, әрі қолданылатын әдебиеттер тізімі келтірілген.

Осы әдістемелік нұсқауда «Энергиямен жабдықтаудың орталықтандырылған және автономды жүйелері» пәні көлемінде қарастырылатын № 1, 2, 3 - ші есептеу-сызба жұмыстары біріктіріліп, төменде көрсетілген тақырыптар бойынша тізбектей орындалады. Сондықтан үш жұмысты бір-бірінен ажыратпай біртұтас мағынада қарастырамыз.

Есептеу-түсініктемелік хаттаманың тексті 297×210 мм форматта жазу қағазына жоғарғы шетінен - 2,0 мм, төменгі шетінен – 2,5 мм, сол жағынан – 2,5 мм, оң жағынан– 1,8 мм қалдырыла отырып рәсімделеді.

Есептеу-түсініктемелік хаттамада барлық есептеулер мен теңдеулер толық жазылып, теңдеудің құраушыларына анықтамалар келтірілу керек. Шамалардың барлығының өлшем бірліктері жазылуы керек.

Барлық кестелер мен сұлбалардың реттік нөмірлері мен аталуы жазылу керек. Жұмысты орындау барысындағы барлық есептеулерге түсініктемелер жазылуы және әдебиеттерге сілтеме жасалуы керек, әрі барлық есептеулер СИ бірлігінде орындалады. Есептеу-түсініктемелік хаттаманың соңында қолданылған әдебиеттер тізімі мен мазмұны жазылады.

1 ЕСЖ №1. Жылулық жүктемені анықтау

ЕСЖ №1 мақсаты: берілген қала аудандары бойынша жылулық жүктемелерді анықтау, олардың жылдық сызбасын тұрғызу және жылу көзінің негізгі қондырғыларын таңдау жолдарын үйрету.

ЕСЖ №1 тапсырмасы: жұмысты орындау барысындағы барлық есептеулерге түсініктемелер жазылуы және әдебиеттерге сілтеме жасалуы керек, әрі барлық есептеулер СИ бірлігінде орындалады. Есептеу-түсініктемелік хаттаманың соңында қолданылған әдебиеттер тізімі мен мазмұны жазылады. Берілген кварталдардағы адамдардың саны мен ғимараттардың аудандары бойынша жылуландыру, желдету және ыстық сумен қамдауға қажетті жылу шығындарын анықтау керек. Жылулық жүктеменің жылдық сызбасы мен айлар бойынша жылдық сызбаны тұрғызу керек. ЖЭО-н негізгі қондырғыларын таңдау және сипаттау; таңдап алынған қазандық қондырғының сұлбасын салу; ПТ және Т турбиналы ЖЭО-н қағидалық сұлбасын салу; энергетикалық қазанда жағылатын табиғи отын шығынын есептеу керек.

ЕСЖ орындалатын сұлбалар:

- сыртқы ортаның температурасы мен оның ұзақтығына тәуелді жылу шығынының сұлбасы;
- ай бойынша жылу тұтынудың жылдық сұлбасы;
- жылу көзінің қағидалық жылулық сұлбасы.

1.1 Бастапқы берілген шамалар

ЕСЖ нұсқаулықта берілген тапсырмаларға сәйкесті орындалады. ЕСЖ орындаудағы нұсқа нөмірі студенттің оқытушы журналындағы реттік нөміріне сай алынады. ЕСЖ нұсқаулықта берілген тапсырмаларға сәйкесті орындалады.

1.1 к е с т е – ЕСЖ-а бастапқы берілетін шамалары

Нұсқа №	ЖЭО жобаланатын аймақ	Халықтың тығыздығы Р, адам/га	Кварталдар саны	Кварталдар ауданы, га	Өнеркәсіпке берілетін бу шығыны D _т , т/сағ	η _{oi}	Су қыздырғыштарды қосу түрі	Жылуландыру периодындағы судың орташа нормалық шығыны, л
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Қапшағай	954	1	16	160	0,68	параллель	100
		458	2	16				
		635	3	18				
		366	4	18				
		855	5	18				

1.1 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
2	Астана	1400	1	20	550	0,85	параллель	115
		900	2	30				
		850	3	35				
		950	4	28				
		800	5	16				
		1500	6	24				
		2000	7	17				
		1300	8	19				
		750	9	25				
		600	10	27				
		540	11	32				
3	Ақтау	2010	1	40	290	0,79	Екі сатылы тізбектей	115
		560	2	22				
		780	3	18				
		1000	4	18				
		560	5	22				
		350	6	14				
		750	7	15				
		500	8	14				
		450	9	30				
		800	10	24				
4	Алматы	800	1	25	490	0,64	Екі сатылы тізбектей	115
		600	2	11				
		500	3	16				
		1100	4	18				
		1000	5	14				
		1500	6	30				
		1400	7	24				
		700	8	40				
		900	9	38				
		1200	10	28				
		1300	11	31				
		950	12	25				
5	Қарағанды	350	1	23	450	0,80	параллель	105
		800	2	25				
		500	3	22				
		400	4	14				
		700	5	16				
		625	6	23				
		530	7	15				
		485	8	18				
6	Аяғоз	540	1	17	580	0,88	екі сатылы тізбектей	90
		890	2	18				
		480	3	21				
		870	4	22				
		560	5	22				

1.1 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
7	Орал	500	1	16	350	0,69	екі сатылы тізбектей	105
		450	2	18				
		500	3	18				
		450	4	9				
		800	5	10				
		250	6	25				
		540	7	22				
		555	8	22				
		700	9	16				
8	Семей	550	1	5	680	0,68	параллель	115
		680	2	15				
		800	3	20				
		600	4	28				
		500	5	8				
		386	6	18				
		495	7	17				
		500	8	22				
9	Ақтөбе	1050	1	5	290	0,66	параллель	115
		200	2	18				
		455	3	10				
		400	4	22				
		380	5	17				
		300	6	25				
		564	7	18				
		752	8	21				
10	Жезқазған	870	1	25	450	0,75	екі сатылы тізбектей	105
		150	2	22				
		362	3	21				
		700	4	15				
		710	5	10				
		450	6	14				
		585	7	13				
		624	8	18				
		876	9	18				
11	Шымкент	670	1	5	499	0,74	параллель	95
		580	2	15				
		622	3	15				
		721	4	28				
		460	5	22				
		480	6	8				
		380	7	8				
		555	8	5				
12	Зайсан	580	1	12	360	0,83	екі сатылы тізбектей	115
		258	2	18				
		159	3	23				
		753	4	20				
		951	5	15				

1.1 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
13	Жаңаөзен	1200	1	5	520	0,84	екі сатылы тізбектей	100
		300	2	15				
		485	3	18				
		622	4	15				
		250	5	10				
		597	6	12				
		355	7	7				
		298	8	11				
		540	9	12				
14	Балқаш	560	1	10	500	0,81	екі сатылы тізбектей	110
		548	2	23				
		466	3	17				
		520	4	40				
		770	5	15				
		890	6	15				
		690	7	21				
		290	8	22				
15	Қостанай	396	1	20	380	0,69	параллель	105
		654	2	9				
		248	3	18				
		192	4	17				
		594	5	21				
		785	6	21				
		624	7	20				
		681	8	15				
		702	9	17				
16	Түркістан	486	1	10	520	0,82	параллель	100
		426	2	24				
		513	3	20				
		351	4	17				
		753	5	15				
		951	6	12				
		147	7	35				
		963	8	22				
17	Теміртау	654	1	15	505	0,78	екі сатылы тізбектей	105
		789	2	30				
		584	3	31				
		586	4	29				
		258	5	17				
		753	6	18				
		951	7	21				
		695	8	22				

1.1 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
18	Кентау	698	1	22	460	0,77	параллель	115
		478	2	17				
		509	3	9				
		907	4	15				
		803	5	17				
		495	6	15				
		412	7	18				
		521	8	13				
19	Арқалық	980	1	18	480	0,68	екі сатылы тізбектей	115
		364	2	18				
		561	3	17				
		741	4	21				
		248	5	15				
		298	6	15				
		854	7	18				
		651	8	18				
		935	9	17				
20	Кереку	731	1	22	420	0,85	параллель	110
		843	2	25				
		591	3	17				
		179	4	27				
		633	5	21				
		555	6	17				
		554	7	18				
		821	8	18				
21	Петропавл	105	1	18	290	0,85	екі сатылы тізбектей	105
		497	2	21				
		791	3	21				
		880	4	17				
		681	5	17				
		471	6	16				
		984	7	16				
22	Атырау	956	1	18	290	0,74	параллель	90
		421	2	18				
		384	3	18				
		955	4	21				
		777	5	21				
23	Өскемен	574	1	17	280	0,69	екі сатылы тізбектей	95
		695	2	17				
		532	3	16				
		505	4	16				
		811	5	18				
		905	6	17				
		744	7	18				
		258	8	17				

1.1 кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7	8	9
24	Екібастұз	945	1	20	390	0,80	екі сатылы тізбектей	115
		905	2	17				
		620	3	15				
		111	4	12				
		481	5	35				
		638	6	22				
		741	7	15				
		654	8	30				
		485	9	31				
25	Тараз	385	1	9	415	0,81	параллель	115
		745	2	18				
		954	3	17				
		963	4	21				
		946	5	21				
		845	6	20				
		888	7	15				
		444	8	17				
		625	9	12				
		742	10	18				
		964	11	23				

Барлық нұсқалар үшін:

- жылумен қамдау жүйесі – жабық;
- тура магистральдағы желілік судың есептік температурасы $\tau_1=130^{\circ}\text{C}$;
- кері магистральдағы желілік судың есептік температурасы $\tau_2= 70^{\circ}\text{C}$;
- элеватордан кейінгі су температурасы $\tau_3= 95^{\circ}\text{C}$;
- ғимараттың ішіндегі ауаның есептік температурасы $t_{в}= 18^{\circ}\text{C}$;
- ЫСҚ жүйесіндегі ыстық су температурасы $t_{гв} = 60^{\circ}\text{C}$;
- суық су температурасы $t_c= 5^{\circ}\text{C}$;
- ЫСҚ жүктемесі үшін теңестік коэффициенті $\alpha_6= 1,2$.

1.2 Жылуландыру, желдету және ыстық сумен қамдауға қажетті жылу шығынын анықтау

Жылуландыру $Q_{\text{оmax}}$, желдету Q_{vmax} және ыстық сумен қамдауға Q_{hmax} қажетті максималды жылу шығынын жобаға сәйкес таңдау керек. Егер оның шамасы берілмесе, онда осы жүктемелерге кететін жылу шығыны келесі теңдеулер арқылы анықталады:

Тұрғын және қоғамдық ғимараттар үшін жылуландыруға қажетті максималды жылу шығыны

$$Q_{\text{o max}}=q_0 \cdot A \cdot (1+K_1), \text{ Вт} \quad (1.1)$$

Тұрғын және қоғамдық ғимараттар үшін желдетуге қажетті максималды жылу шығыны

$$Q_{v \max} = q_0 \cdot K_1 \cdot K_2 \cdot A, \text{ Вт} \quad (1.2)$$

Ыстық сумен жабдықтауға қажетті орташа жылу шығыны

$$Q_{hm} = q_h \cdot m, \text{ Вт} \quad (1.3)$$

Барлық ғимараттар үшін ыстық сумен жабдықтауға қажетті максималды жылу шығыны

$$Q_{h \max} = 2,4 \cdot q_h \cdot m, \text{ Вт}, \quad (1.4)$$

мұндағы $q_0, \text{ Вт/м}^2$ - жылуландыруға кететін меншікті жылу шығыны (№5 қосымшадан ғимараттың түріне байланысты анықталады);

$q_h, \text{ Вт/м}^2$ - ыстық сумен жабдықтауға кететін меншікті жылу шығыны (№4 қосымшадан анықталады);

K_1 - қоғамдық ғимараттарда жылуландыруға кететін жылу шығынын ескеретін коэффициент, егер нақты шамасы берілмесе $K_1 = 0,25$;

K_2 - қоғамдық ғимараттарда желдетуге кететін жылу шығынын ескеретін коэффициент, егер нақты шамасы берілмесе K_2 : 1985 ж. дейін салынған ғимараттар үшін – 0,4, 1985 ж. кейін салынған ғимараттар үшін – 0,6;

A- тұрғын кварталдағы жылытылатын ғимараттың жалпы ауданы, м^2 , келесі теңдеу арқылы анықталады:

$$A = f_0 \cdot m,$$

мұндағы f_0 - тұрғын ғимараттағы бір адамға қажетті аудан, м^2 ;

m - кварталдағы тұрғындар саны, ол:

$$m = P \cdot F_{\text{кв}},$$

мұндағы $F_{\text{кв}}$ - есептелетін квартал ауданы, га,

P- кварталдағы тұрғындар тығыздығы, адам/га.

Өндірістік кәсіпорындар үшін технологияға қажетті жылу шығыны:

$$Q_{\text{тех}} = D_{\text{п}}(h_{\text{T}} - h_{\text{ок}}), \text{ Вт}, \quad (1.5)$$

мұндағы h_{T} және $h_{\text{ок}}$ бу және конденсат энтальпиясы, олар $h_{\text{T}} = 2686$ кДж/кг және $h_{\text{ок}} = 439$ кДж/кг тең. Сонда ЖЭО алынатын қосынды жылулық жүктеме мынаған тең:

$$\Sigma Q = Q_{\text{тех}} + Q_{\Sigma}. \quad (1.6)$$

Жылуландыру маусымындағы орташа сағаттық жылу шығыны жылуландыруға:

$$Q_o^{op} = Q_o \max \cdot \left(\frac{t_i - t_c}{t_i - t_{co}} \right), \text{ Вт} \quad (1.7)$$

желдетуге:

$$Q_v^{op} = Q_v \max \cdot \left(\frac{t_i - t_c}{t_i - t_{cv}} \right), \text{ Вт} \quad (1.8)$$

Ыстық суға кететін жылу шығыны:

$$Q_h^{op} = \gamma \cdot Q_{hm} \cdot \left(\frac{55 - t_{cy}^s}{55 - t_{cy}} \right), \text{ Вт} , \quad (1.9)$$

мұндағы t_i - жылытылатын ғимараттың ішкі ауасының орташа температурасы, °C (18÷22);

t_c - жылуландырудың басталуындағы ауаның орташа температурасы 8°C;

t_{co} - жылуландыру үшін сыртқы ауаның орташа есептік температурасы, °C;

t_{cv} - желдету үшін сыртқы ауаның орташа есептік температурасы, °C;

t_{cy} – жылуландыру кезеңіндегі суық су температурасы 5°C;

t_{cy}^s – жазғы маусымдағы суық су температурасы 15°C;

γ - жаз кезінде ыстық судың орташа шығынының өзгеруін ескеретін коэффициент – 0,8.


t_c, t_{co}, t_{cv} шамалары нақты бір қала үшін климаттық берілген шама болып табылады (№1 қосымшадан алынады).

1.3 Жылулық жүктеменің жылдық сұлбасын тұрғызу

Сұлба А3 форматта миллиметрлік қағазға салынады. Ордината өсіне масштаб бойынша $Q, \text{ МВт}$, жылулық жүктеме салынады, ал абцисса өсінің: оң жағына $\tau, \text{ сағ}$, уақыт (уақыт масштабы: 1 мм-50 сағат); сол жағына t_c^e -дан 20°C-қа дейін сыртқы ортаның температурасы салынады (2 қосымша).

Жылуландыру мен желдетуге кететін жылу шығынының сағаттық сұлбасын тұрғызу үшін жылу ағынының екі мәнін қолдану жеткілікті: сыртқы ауаның температурасы $t_c = +8^\circ\text{C}$ бойынша анықталған максималды $Q_o \max$ және $Q_v \max$. Ыстық сумен жабдықтауға қажетті орташа сағаттық жылу шығыны екі маусым үшін есептеледі – жылуландыру және жаз маусымы үшін. Ыстық сумен жабдықтауға қажетті орташа сағаттық жылу шығынының сұлбасы сыртқы ортаның температурасына тәуелді емес, сондықтан түзу сызық түрінде салынады, ол жылуландыру периоды үшін абсцисса өсіне параллель $Q_h \max$ ординатамен және жаз маусымы үшін $Q_h^s \max$ ординатамен салынады.

Жылу тұтынудың әртүрлі жүктемелерін және оның қосындысын Q_Σ ордината өсіне енгіземіз, абсцисса өсінің оң жағына берілген қала бойынша сыртқы ортаның температураларының мәндерін, ал сол жағына сол температуралардың сағаттық ұзақтығын енгіземіз (1.1 сурет).



1.1 сурет – Жылулық жүктеменің жылдық сұлбасы

Айлар бойынша тұрғызылатын жылдық сұлбаны тұрғызу үшін, №3 қосымшадан сыртқы ортаның орташа сағаттық температураларын қолдана отырып, әр айдағы жылуландыру мен желдетуге және ыстық сумен жабдықтауға кететін жылу шығынын анықтаймыз. Жылуландыру периодындағы әр ай үшін қосынды жылу шығыны жылуландыруға, желдетуге және ыстық сумен жабдықтауға кететін жылу шығынының қосындысы бойынша алынады.

Жаз маусымы үшін ($t_c \geq +8^{\circ}\text{C}$ болғанда) қосынды жылу шығыны берілген периодтағы ыстық сумен жабдықтауға қажетті орташа сағаттық жылу шығынына Q_{hmax}^s тең болады. Мысалы қаңтар айы үшін:

$$Q_o^{\text{қаңт}} = Q_o \text{ max} \cdot \left(\frac{t_i - t_{\text{қаңт}}}{t_i - t_{co}} \right), \text{ ВТ}$$


$$Q_v^{\text{қаңт}} = Q_v \text{ max} \cdot \left(\frac{t_i - t_{\text{қаңт}}}{t_i - t_{cv}} \right), \text{ ВТ}$$

$$Q_{\Sigma}^{\text{қаңт}} = Q_o^{\text{қаңт}} + Q_v^{\text{қаңт}} + Q_{\text{hm}}, \text{ ВТ}$$

Осыған сәйкесті басқа айлардың жылулық жүктемелерін есептеп 1.1-кестеге енгізесің. Сол бойынша сұлбасын тұрғызасың (1.2 сурет).

1.1 кесте – Бір жылдағы айлар бойынша жылудың орташа сағаттық шығыны

Ай бойынша орташа сағаттық жылу шығыны Вт	Сыртқы ауаның орташа айлық температурасы											
	Қаңтар	Ақпан	Наурыз	Сәуір	Мамыр	Маусым	Шілде	Тамыз	Қыркүйек	Қазан	Қараша	Желтоқсан
Q_o												
Q_v												
Q_{hm} (Q_{hm}^s)												
Q_{Σ}												



1.2 сурет – Ай бойынша жылу тұтынудың жылдық сұлбасы

1.4 ЖЭО-ң негізгі қондырғыларын таңдау

Бу турбиналарын таңдау. ЖЭО-ң негізгі қондырғыларына бу шығырлары, энергетикалық қазандар, шың су қыздырғыш қазандары жатады.

ЖЭО-ң негізгі қондырғылары қосынды жылулық жүктеме бойынша таңдалынады. Кітаптарда жылуландыруға бу бөлетін шығырдан алынатын алымдардағы бу шығыны немесе жылу шығыны беріледі. Бұл жұмыста шығыр қондырғысын таңдау үшін жылу мөлшерін алымдардан алынған будың эквиваленттік мөлшеріне аударуымыз керек.

Есепті жүргізу үшін жылуландыруға арналған алымдардағы қысым мен температураның мөлшерін шамамен $P_{ж}=0,12$ МПа және $t=105^{\circ}\text{C}$ деп аламыз. Содан кейін осы шамалар арқылы су және су буының сипаттамалары жазылған

кестеден бу және конденсат қажырынын табамыз, олар $h_{ж}=2686$ кДж/кг және $h_{ок}= 439$ кДж/кг тең. Содан кейін бу шығынын анықтаймыз:

$$D_{ж} = \frac{Q_{\Sigma}}{(h_{ж}-h_{ок})\cdot\eta}, \text{ кг/с}, \quad (1.10)$$

мұндағы Q_{Σ} - қосынды жылулық жүктеме, Вт; $\eta=0,98$ - қыздырғыш ПӘК. ЖЭО-ң жылуландыру жүйесіне жылу беруге арналған қондырғыларының түрлері мен жалпы қуатын, әрбір берілген ықшам аудандардың жылулық жүктемесіне байланысты анықтаймыз.

Турбинаны таңдағанда, берілген D_0 , т/сағ, өндіріске жұмсалған бу шығынының мәнін қолданамыз. Бірінші «ПТ» типті турбинаны, содан кейін «Р» типті, содан кейін «Т» типті турбина таңдалынады. ПТ типті турбина, өндіріске беретін бір жыл бойғы бу жүктемесін қамтамасыз ету керек. Р және Т типті турбиналар қалған жетпеген жүктеменің орнын толтыру үшін таңдалынады. Турбинаны таңдау үшін қосымшаның 6-шы кестесінің мәліметтерін қолданған жөн.

Турбинаны таңдауға келесі мысалды қарастырайық. Q_{Σ} - жылулық жүктемесінің мәні есептеулерден 210 МВт-қа тең деп қабылданады. Осы жылулық жүктемені бу турбинасының жылулық бу алымынан алынған бумен жабады. Яғни (1.10) формуласын қолданып өнеркәсіптік ауданды жылуландыруға қажет бу шығыны $D_{ж} = \frac{Q_{\Sigma}}{(h_{ж}-h_{ок})\cdot\eta} = \frac{210000}{(2686-439)\cdot 0,98} = 95,3 \frac{\text{кг}}{\text{с}} = 343,3$ т/сағ екені анықталады. Ал кәсіпорынға қажет бу шығынының мәні 1.1-ші кестеден анықталады, мысалы $D_0 = 160$ т/сағ болсын. Қосымшаның 6-шы кестесінен ПТ- $\frac{60}{75}$ - $\frac{90}{13}$ ЛМЗ бу турбинасын таңдалық. Мұндай турбинаның өндірістік П және жылулық Т бу алымдары бар (себебі маркасы – ПТ). Номиналдық электрлік қуаты 60 МВт, максималдық қуаты 75 МВт, қысымы 9 МПа, температурасы 535⁰С аса қызған бумен жұмыс жасайды. Турбинаға берілетін бу мөлшері $D_0 = 390$ т/сағ.

Жоғарғы қысымды цилиндрінде – 3 бу алымы, төменгі қысымды цилиндрінде 4 бу алымы бар.

Кестеден жылулық алымынан бу берген жағдайда, оның өндірістік бу алымынан 165 т/сағ буды кәсіпорынға алу мүмкін екенін көреміз. Тапсырма бойынша 160 т/сағ бу қажет болса, ол сол мөлшерде буды алуға мүмкіндік береді. Турбинаның жылулық бу алымынан кестедегі мәлімет бойынша $D_T^{III} = 115$ т/сағ бу алуға болады. Ал біздің тапсырмада өнеркәсіптік аудан үшін қажет бу мөлшері $D_T^{III} = 343,3$ т/сағ. Осы бу шығыры бере алмайтын $\Delta D_T = 228,3$ т/сағ буды басқа шығырдан алуға әрекеттенеміз. Қосымшаның 6-шы кестесінен ондай бу турбинасы Т-25-90 ТМЗ екенін анықтаймыз. Турбинаның номиналдық электрлік қуаты 25 МВт, қысымы 9 МПа, температурасы 535⁰С аса қызған бумен жұмыс жасайды. Турбинаға берілетін бу мөлшері $D_0 = 130$ т/сағ. Жылулық бу алымынан 92 т/сағ бу алуға болады. Егер осындай үш дана

3×Т-25-90 ТМЗ бірдей турбиналар таңдалса, олардың беретін қосынды бу мөлшері $\sum D_T^T = 3 \cdot 92 = 276$ т/сағ болады.

Сонымен бізге ауданды жылуландыруға қажет бу мөлшері $\Delta D_T = 228,3$ т/сағ осы Т-25-90 турбиналар есебінен толық теңгеріледі. Осындай екі әртүрлі маркалы турбиналарды таңдағанда, олардың бірдей параметрлердегі бумен жұмыс жасайтынын ескердік.

Егер турбинаның маркасында екі түрлі қуат берілсе, онда максималды қуатты қолданамыз, мысалы Т-250/300-240, ЖЭО-ң келтірілген қуатының орнына максималды қуат жазылады. Осындай қондырғылардың жұмыстық қуаты және ЖЭО жобалаудағы электр энергиясын өндіру жылулық жүктеменің сызбасы бойынша анықталады. Қысқы мерзімдерде максималды электр қуатын қолдана алмаймыз, өйткені соның салдарынан қондырғы істен шығуы мүмкін.

Энергетикалық қазандық қондырғыларды таңдау. Орнатылатын қазандардың қуаты мен саны қалалық аудандарда және кәсіпорындарда қолданылатын жылу жүктемесіне байланысты таңдалынады. Таңдап алынған шығыр сипаттамасына байланысты таза будың қосынды шығыны мен бу сипаттамалары анықталады. Будың сипаттамалары мен шығынына байланысты қазандардың саны мен бу өндірулігін анықтаймыз.

Қазандық қондырғыларды таңдағанда, оның қуатын асыра алу керек, себебі қуаты ең үлкен қазан істен шыққан жағдайда қалған таңдалынып алынған қазандар жылытуға, желдетуге, ыстық сумен жабдықтауға қажетті жылу шығындарының орнын толтыруы қажет.

Блокқа шығырмен қоса орналастырылатын қазанның бу өндірулігі шығыр арқылы алынатын өткір будың мөлшеріне байланысты таңдалынады және де ЖЭО-ң өзіндік қажеттіліктері мен 15% қорды қамтамасыз ете алуы керек. 7-ші кестеде әртүрлі қазан агрегаттарының маркалары және олар өндіретін будың параметрлері сипатталған. Бұл жұмыста қазандардың санын турбина санымен тең етіп таңдауға болады.

Қазандық қондырғыны таңдау үшін жоғарыда қарастырылған мысалды еске түсірейік. Жылу электр орталығына төрт турбина тағайындадық. Олар: ПТ- $\frac{60}{75}$ - $\frac{90}{13}$ ЛМЗ – 1 дана; Т-25-90 – 3 дана. Турбиналарға қажет қосынды бу мөлшерін анықтаймыз: $\sum D_0 = D_0^{ITT} + D_0^T = 390 + 3 \cdot 130 = 780$ т/сағ. ЖЭО-ның өз қажеттіліктеріне тиісті 15% қорды қамтамасыз ету үшін $\sum D_0' = 1.1 \cdot \sum D_0 = 1.1 \cdot 780 = 858$ т/сағ бу керек. Мұндай мөлшердегі аса қызған будың параметрлері, яғни қысымы $p=9,0$ МПа, температурасы $t=535^{\circ}\text{C}$ болуы қажет. Қосымшаның 7-ші кестесінен осы мысалда көрсетілген талаптарға жауап беретін, Е-220-100 бу қазанының 4- данасын таңдаймыз. Сонда төрт Е-220-100 бу қазандары бір мезгілде $\sum D_0 = 4 \cdot D_0 = 4 \cdot 220 = 880$ т/сағ., қосынды бу мөлшерін өндіреді. Сонымен турбиналарға қажет бу мөлшерін осы қазандар толық қамтамасыз етеді.

2 ЕСЖ №2. Жылуландыру үшін берілетін жылуды реттеу

ЕСЖ №2 мақсаты: жылулық желідегі желілік суды сапалы реттеуді, гидравликалық есептеуді және пьезометриялық сызбаны тұрғызуды игеру.

ЕСЖ №2 тапсырмасы: Жұмысты орындау барысындағы барлық есептеулерге түсініктемелер жазылуы және әдебиеттерге сілтеме жасалуы керек, әрі барлық есептеулер СИ бірлігінде орындалады. Есептеу-түсініктемелік хаттаманың соңында қолданылған әдебиеттер тізімі мен мазмұны жазылады. Жылумен қамдаудың жабық жүйесі үшін ЫСҚ мен жылуландырудың қосарланған жүктемесі бойынша жылуды бергендегі орталықтандырылған сапалы реттеу сызбасын тұрғызу.

ЕСЖ-да орындалатын сызба:

- А4 миллиметрлік форматта орталықтандырылған сапалы реттеуді жүзеге асыру сызбасы.

2.1 Жылуландыру жүктемесі бойынша орталықтандырылған сапалы реттеу

Жылуландыру жүктемесі бойынша орталықтандырылған сапалы реттеуді тұрғын – коммуналды мұқтаждықтарға қажетті жылулық жүктеме ауданның қосынды жүктемесінің 65 % құрағанда және $\mu = \frac{Q_{h\max}}{Q_{o\max}} < 0,15$ болғанда қолдануға болады. Бұндай реттеу әдісі кезінде жылуландырудың элеваторлы жүйесінің тәуелді сұлбалары үшін магистральдегі τ_{01} тура құбырдағы су температурасы мен τ_{02} кері құбырдағы су температурасы, сонымен қатар τ_{03} элеватордан кейінгі су температурасы барлық жылуландыру периоды бойынша келесі теңдеулер арқылы анықталады:

$$\tau_{01} = t_i + \Delta t \cdot \left(\frac{t_i - t_c}{t_i - t_{ce}} \right)^{0,8} + (\Delta t - 0,5\Theta) \cdot \left(\frac{t_i - t_c}{t_i - t_{ce}} \right), \text{ } ^\circ\text{C} \quad (2.1)$$

$$\tau_{02} = t_i + \Delta t \cdot \left(\frac{t_i - t_c}{t_i - t_{ce}} \right)^{0,8} - 0,5\Theta \cdot \left(\frac{t_i - t_c}{t_i - t_{ce}} \right), \text{ } ^\circ\text{C} \quad (2.2)$$

$$\tau_{03} = t_i + \Delta t \cdot \left(\frac{t_i - t_c}{t_i - t_{ce}} \right)^{0,8} + 0,5\Theta \cdot \left(\frac{t_i - t_c}{t_i - t_{ce}} \right), \text{ } ^\circ\text{C} \quad , \quad (2.3)$$

мұндағы Δt – қыздырғыш аспаптың есептік температуралық арыны, ол келесідей анықталады:

$$\Delta t = \frac{\tau_3 + \tau_2}{2} - t_i \quad , \quad (2.4)$$

мұндағы τ_3 және τ_2 – сәйкесінше элеватордан кейінгі және жылулық желінің кері магистраліндегі судың есептік температурасы, олар t_{ce} сәйкесті анықталған (ережеге сәйкес тұрғын аудан үшін $\tau_3 = 95^{\circ}\text{C}$; $\tau_2 = 70^{\circ}\text{C}$);

$\Delta \tau$ - жылулық желідегі желілік судың есептік температуралар құламасы

$$\Delta \tau = \tau_1 - \tau_2 \quad (2.5)$$

Θ - жергілікті жылуландыру жүйесіндегі желілік судың есептік температуралар құламасы:

$$\Theta = \tau_3 - \tau_2 \quad (2.6)$$

Алдымен t_c сыртқы орта температурасының әртүрлі мәндерін бере отырып, τ_{01} , τ_{02} , τ_{03} анықтау керек. Әрі осы алынған шамаларды 2.1-кестеге енгізу керек.


2.1 к е с т е - Түрлі температурада анықталған τ_{01} , τ_{02} , τ_{03} шамалары

τ	t_c сыртқы орта температурасы									
	+8	+5	0	-5	-10	-15	-20	-25	-30	-35
τ_{01}										
τ_{02}										
τ_{03}										

Әрі осы анықталған шамалар бойынша су температурасының жылуландырулық сұлбасын тұрғыз. Ыстық сумен қамдау жүктемесін қанағаттандыру үшін жабық жылумен жабдықтау жүйесінің тура магистраліндегі τ_{01} су температурасы 70°C төмен болмауы керек. Осыған сәйкес тұрғызылған τ_{01} қисығының бойынан 70°C сәйкес келетін температураны тауып аламыз оны τ_1' деп белгілейміз, әрі осыған сәйкесті x өсіндегі температураны t_c' деп белгілейміз, сонымен қатар осы t_c' бойына жатқан τ_2' , τ_3' су температураларының шамасын жазып аламыз. τ_1' су температурасы сұлбасындағы қисықтың нүктесіне сәйкес келетін сыртқы ауа температурасы жылуландыру периодын режимдері әртүрлі реттелетін бөліктерге бөледі:

- сыртқы ауа температурасы $+8^{\circ}\text{C}$ ден t_c' дейінгі интервалды I бөлікте топтық немесе жергілікті реттеу жүзеге асады, оның мақсаты жылуландыру жүйесінің қатты қызып кетуі мен жылудың пайдасыз шығындалуын болдырмау;

- сыртқы ауа температурасы t_c' дан t_{ce} дейінгі интервалды II және III бөліктерде орталықтандырылған сапалы реттеу жүзеге асады (2.1 сурет).



2.1 сурет - Орталықтандырылған сапалы реттеуді жүзеге асыру сызбасы

Жылуландыру мен ыстық сумен қамдаудың қосарланған жүктемелері бойынша реттеу. Жылуландыру мен ыстық сумен қамдаудың қосарланған жүктемелері бойынша реттеуді жылумен жабықтау жүйесінің тұрғын – коммуналды қажетті жүктемесі ауданның қосынды жүктемесінің 65 % көбін құрағанда қолданған дұрыс. Бұндай жүйеде реттеу су температурасының жоғарыланған (түзетілген) сұлбасы бойынша жүргізіледі.

Жылумен қамдаудың жабық жүйесінде жоғарыланған сұлбаның тиімділігі шығыны шектеулі екі сатылы араласқан су қыздырғыштарды қолдану арқылы жүзеге асады.

Жабық жүйе үшін жоғарыланған сұлбаны есептеу.

Ыстық сумен қамдаудың баланстық жүктемесі Q_{hm}^b :

$$Q_{hm}^b = \alpha \cdot Q_{hmax} \quad (2.7)$$

мұндағы α - баланстық коэффициент.

Суқыздырғыштың жоғарғы және төменгі сатысындағы желілік судың δ қосынды температурасының құламасы барлық жылуландыру периоды бойынша тұрақты және ол келесі теңдеу бойынша анықталады:

$$\delta = \delta_1 + \delta_2 = \frac{Q_{hm}^b}{Q_{o max}} \cdot (\tau_1 - \tau_2) \quad (2.8)$$

t_c ' температуралық сызбаның қисық басталған жеріндегі нүктесі үшін, сыртқы ауа температурасына сәйкес келетін су қыздырғыштың төменгі

сатысындағы желілік су температурасының δ_2' құламасын келесі теңдеу бойынша анықтаймыз:

$$\delta_2' = \delta \cdot \frac{t'_h - t_{cy}}{t_h - t_{cy}} \quad (2.9)$$

Сыртқы орта температурасының барлық диапазоны үшін δ_2 шамасын келесі формула бойынша анықтаймыз:

$$\delta_2 = \delta_2' \cdot \frac{\tau_{02} - t_{cy}}{\tau_2' - t_{cy}}, \quad (2.10)$$

мұндағы t_h – суқыздырғыштан ЫСҚ жүйесіне берілетін ыстық су температурасы, $^{\circ}\text{C}$;

t_{cy} - суқыздырғыштың төменгі сатысының алдындағы суық су құбыранан келген суық судың температурасы, $^{\circ}\text{C}$;

t_h' - суқыздырғыштың төменгі сатысынан қыздырылып шыққан суық су құбыранан келген судың температурасы, $^{\circ}\text{C}$, ол келесідей анықталады

$$t'_h = \tau_2' - (5 \div 10) \quad (2.11)$$

τ_2' - температуралық сызбадағы қисықтың басталған жеріндегі нүктеге сәйкес келетін кері магистральдағы желілік су температурасы, $^{\circ}\text{C}$;

$\tau_{02} - t_c$ берілген сыртқы ауа температурасына сәйкесті жылуландырулық сызба бойынша қабылданатын кері магистральдағы желілік су температурасы, $^{\circ}\text{C}$.

II және III диапазондағы жоғарыланған сызба бойынша кері магистральдағы $\tau_{2п}$ желілік су температурасы, $^{\circ}\text{C}$:

$$\tau_{2п} = \tau_{02} - \delta_2 \quad (2.12)$$

Суқыздырғыштың жоғарғы сатысындағы желілік су температурасының δ_1 құламасы келесі теңдеу бойынша анықталады, $^{\circ}\text{C}$

$$\delta_1 = \delta - \delta_2 \quad (2.13)$$

Тура магистральдағы желілік $\tau_{1п}$ су температурасы:

$$\tau_{1п} = \tau_{01} + \delta_1 \quad (2.14)$$

Жабық жылумен қамдау жүйесі үшін температуралар сызбасын дұрыс тұрғызу үшін осы бөлімнің барлық есептеулерін төмендегідей 2.2-кестеге енгізу керек.

2.2 к е с т е – Жабық жылумен қамдау жүйесі үшін температуралар сызбасын реттеу есебінің нәтижелері

t_c	τ_{01}	τ_{02}	τ_{03}	δ_1	δ_2	τ_{II}	τ_{PI}
+8							
Сызба бойынша анықталған шамасы							
Жылуландыру периодындағы орташа							
Ең суық айдағы орташа							
t_{ce}							

2.2 Желілік су шығынын анықтау

Жылу беруді сапалы реттеу кезіндегі сулық жылу желісіндегі құбырлардың диаметрлерін анықтау үшін қажетті желілік судың есептік шығынын, кг/сағ, әрбір кварталдар үшін, сонымен қатар жылуландыру, желдету және ЫСҚ жүктемелері үшін жеке – жеке есептеу керек:

- жылуландыруға

$$G_{o\ max} = \frac{3,6 \cdot Q_{o\ max}}{c \cdot (\tau_1 - \tau_2)} \quad (2.15)$$

- желдетуге

$$G_{v\ max} = \frac{3,6 \cdot Q_{v\ max}}{c \cdot (\tau_1 - \tau_2)} \quad (2.16)$$

- ЫСҚ-ға

Суқыздырғыштарды параллель қосқандағы орташа сағаттық

$$G_{2hm} = \frac{3,6 \cdot Q_{hm}}{c \cdot (\tau_1' - \tau_3')} \quad (2.17)$$

Суқыздырғыштарды параллель қосқандағы максималды

$$G_{2hmax} = \frac{3,6 \cdot Q_{hmax}}{c \cdot (\tau_1' - \tau_3')} \quad (2.18)$$

Суқыздырғыштарды екі сатылы тізбектей қосқандағы орташа сағаттық

$$G_{3hm} = \frac{3,6 \cdot Q_{hm}}{c \cdot (\tau_1' - \tau_2')} \cdot \left(\frac{55 - t'_{h}}{55 - t_{cy}} + 0,2 \right) \quad (2.19)$$

Суқыздырғыштарды екі сатылы тізбектей қосқандағы максималды

$$G_{3hmax} = \frac{3,6 \cdot 0,55 \cdot Q_{hmax}}{c \cdot (\tau_1' - \tau_2')} \quad (2.20)$$

Желілік судың қосынды есептік шығыны, кг/сағ:

$$G_d = G_{o\ max} + G_{v\ max} + G_{hmax} \quad (2.21)$$

Жаз маусымындағы судың есептік шығыны , кг/сағ:

$$G_d^s = \gamma \cdot G_{hmax} , \quad (2.22)$$

мұндағы - γ жаз маусымындағы су шығынының өзгерісін ескеретін коэффициент, ол 0,8 тең.

3 ЕСЖ №3. Жылулық желінің гидравликалық және жылулық шығыны

ЕСЖ №3 мақсаты: жабық жылумен қамдау жүйесінің екі құбырлы сулық жылулық желісінің магистральды құбырының және тармақтарының гидравликалық есебін жүргізуді, қыс және жаз айлары үшін пьезометриялық сызбаны тұрғызуды үйрету.

Тапсырмасы: жұмысты орындау барысындағы барлық есептеулерге түсініктемелер жазылуы және әдебиеттерге сілтеме жасалуы керек, әрі барлық есептеулер СИ бірлігінде орындалады. Есептеу-түсініктемелік хаттаманың соңында қолданылған әдебиеттер тізімі мен мазмұны жазылады. Берілген ықшам аудандар бойынша қаланың бас жоспарын салу; осы салынған сұлба бойынша кварталдардың желіден ара қашықтығын анықта (l); желі құбырларының диаметрлерін анықтау; жергілікті кедергілерді орнату және олардың эквивалентті ұзындығын анықтау; құбыр диаметрі мен жылу желісінің әр бөлігіндегі қысым шығынын анықтау; жабық жылумен қамдау жүйесінің екі құбырлы сулық жылулық желісінің магистральды құбырының гидравликалық есебін жүргізу.

ЕСЖ-да орындалатын сұлба: А3 форматта квалдарды орналастырудың бас жоспарының сұлбасы.


3.1 Бас жоспарды сызу

Берілген кварталдар санына байланысты А3 форматқа қала аудандарының жоспарын салыңыз.

Әрбір кварталды жалғастырушы желінің ұзындығын (l) кварталдардың аудандарын ескере отырып салынады. Бас магистральға және тармақтарға қажетінше жергілікті кедергілер (ысырмалар, бұрылыстар, компенсаторлар, екілік, үштік, төрттік су таратқыштар және т.б.) орнату керек. Компенсаторларды орналастырудың шекті ара қашықтығы құбыр диаметріне байланысты Қ.9 қосымшадан анықталады.

2-ші есептік – сызба жұмысында анықталған судың максималды шығыны бойынша Қ9 қосымшадан магистральды құбырдың және тармақтардағы құбырлардың диаметрін анықтау керек.

Жылу желісін салуға мысал. Жылу желісін құрастыру кезінде әрбір ықшам аудандағы жылулық жүктемелерді ескеру керек. Бас магистраль арқылы ең үлкен жылулық жүктемелерді өткізу керек. Төмендегі мысал сұлбада (3.1 сурет) бас магистральға 0-1-2-3-4-6 ықшам аудандар орналастырылған, қалғандары тармақтар болып саналады. Бас магистраль өзінің бойындағы және тармақтардағы тұтынушыларды жылулық жүктемемен қамтамасыз етуге ыңғайлы болуы керек.



3.1 сурет – Тармақталған жылу желісінің сұлбасы

Бұдан басқа әрбір ықшам ауданға баратын трассаның бойына:

- қажетті өлшегіш аспаптар, яғни шығын өлшегіштер, қысым өлшегіштер, температура өлшегіштер орнатып сипаттаңыз (маркалануы, белгіленуі т.с.с.);
- сорғылар орнатып сипаттаңыз (маркалануы, белгіленуі т.с.с.);
- компенсаторлар орнатып сипаттаңыз (маркалануы, белгіленуі т.с.с.);
- кенеттен кеңею және кенеттен тарылуды, бұрылыстарды орнатыңыз;
